

**№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп
директорының орынбасары Ф.Туякбаеваның 2023-2024 оқу жылында
жас мамандармен атқарған жұмыс қортындысы.**

2023-2024 оқу жылында еңбек өтілдері 3 жылға дейінгі 12 жас маман бар. Жас мамандарды педагогикалық қызметке баулу, әдістемелік көмек көрсету және оқыту тәсілдерін үйрету мақсатында 01.09.2024 жылы №89 бұйрықпен тәлімгерлер бекітілді. Тәлімгер ұстаздардың және жас мамандардың жылдық жоспарлары түзіліп бекітілген. Қыркүйек айында «Іс қағаздармен жұмыс жүргізу әдістемесі» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Өзара сабаққа ену дәптерлері бар. Тәлімгерлерімен үнемі тығыз байланыста. Пән бірлестігі апталық тарынан бөлек, қалалық, облыстық семинар, конференцияларға қатыстырып жастардың кәсіби дамуына қолдау көрсетілуде.

2023 жылдың қазан айында қалалық білім бөлімінің ұйымдастырылуымен өтілген «Жас маман-2023» байқауына орыс тілі пән мұғалімі Әбдіғаппар Салтанат қатысып жүлделі ІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024 ж 18- мамыр күні өтілген аудандық «Педагогикалық дуэт-2024» тақырыбында өтілген жас мамандар байқауына ағылшын тілі пән мұғалімі Ибрагим Халбибі тәлімгері Ш.Тоқсайтовамен бірге қатысып жүлделі І-орынға ие болды. Осы аталған аудандық байқауға орыс тілі пәнінің жас маманы Әбдіғаппар Салтанат тәлімгері Абильдаева Салтанатпен бірге қатысып жүлделі ІІ-орынға ие болды.

«Ұлттық мектеп лигасының» облыстық жарысында жеңімпаз команда дайындағаны үшін дене тәрбиесі пән мұғалімі жас маман Өмірзақ Абзал облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығының алғыс хатымен марапатталды. Түркістан облысы бойынша ұйымдастырылған «Түркістан қаласы әкімінің кубогы» сарапқа салған додада команда ойыншысы Өмірзақ Абзал жүлделі ІІІ-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2024 жылдың 27- наурыз күні педагог-зерттеуші орыс тілі пән мұғалімі Абильдаева Салтанат өзіне бекітілген жас маман Әбдіғаппар Салтанатпен бірге «Тиімді әдіс-тәсілдер- сапалы сабақ кепілі» тақырыбында шебер сынып өтті. 28 наурыз күні ағылшын тілі пән мұғалімі Тоқсайтова Шолпан педагог-сарапшы өзіне бекітілген жас маман Ибрагим Халбибі бірге «Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді қолдану» тақырыбында шебер сынып өтті.

22-27 сәуір аралығында «Жаса, жарқыра жас маман» тақырыбында жас мамандар апталығы өтілді.

Директордың ОЖЖО: Ф.Туякбаев